

*Ж.С. Саурыкова*¹*

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы
Алматы қ., Қазақстан.*

*E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0001-8342-579X>*

1928-1929 жж. ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫН КӘМПЕСКЕЛЕУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (АЛМАТЫ ОКРУГІ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа

Бұл мақала жергілікті, аймақтық және орталық архивтердің материалдары негізінде «Алматы округіне қарасты қазақ байларын кәмпескелеу саясатының» себептері мен барысын талдауға арналған. Сондай-ақ байларды кәмпескелеу барысында, яғни оларға қарсы мемлекет тарапынан жасалып жатқан жазалау шараларына да назар аударылады. Байларды жаппай кәмпескелеу мен оларды жазықсыз жазаға тартудың салдары олардың жанұясы мен туған-туыстарының да қуғын-сүргінге ұшырап, зобалаңға ұшарағаны қарастырылады. Жазықсыз зардап шеккендер отбасымен бірге туған жері мен елін тастап босқынға ұшыраса, кейбірі жесір мен жетім атанды. Бір ауылды, немесе бір әулетті бағып-қағып, жұмыспен қамтып, қамқорлығына алып отырғанбай әулеттер «қылмыстыға» айналып, жазалаушылардың жетегінде кетті. Тарихи құжаттарда, архив материалдарында тәркілеуге ұшыраған байларға қатысты мәліметтер өте жүйесіз және «халық жауы» ретінде бұрмаланып жазылғаны белгілі. Көптеген іс-қағаздарын байларды оқымаған «надандар» қатарында санап, қараңғы халықты сүліктей сорған басбұзарлар ретінде толтырған. Сонымен мақалада жазықсыз жапа шеккен би, болыс әулетінің ұрпағына қарсы жүргізілген кәмпескелеу саясатының мән-жайын талдау болып табылады.

Түйін сөздер: Қуғын-сүргін, бай-кулак, кәмпеске, ұжымдастыру, тап, геноцид, сталинизм, Алматы округы, «Қосшы», ашаршыдық, жер аудару.

*Саурыкова Ж.С. *¹*

¹*Старший преподаватель Казахского национального педагогического университета им. Абая
Алматы, Казахстан.*

E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ПОЛИТИКИ КОНФИСКАЦИИ КАЗАХСКИХ БАЕВ В 1928-1929 гг. (НА ПРИМЕРЕ АЛМА-АТИНСКОГО ОКРУГА)

Аннотация

В данной статье проведен анализ причин и рассмотрен процесс проведения политики «конфискации казахских баев Алматинского округа» на основе материалов местных, региональных и центральных архивов РК. Рассмотрены различные карательные меры, которые государство применяло в отношении баев в процессе конфискации их главного богатства – скота. Так же дан анализ последствий масштабных конфискаций, которые коснулись не только баев, но и их семей, близкого круга родственников, так как все они подвергались репрессиям и преследованием. Документы архивов показывают картину, когда массы невинных жертв целыми семьями вынуждены были покинуть свою родину и стали беженцами, разведенными, вдовами и сиротами. Таким образом, в статье показывается крушение роли баев в казахском обществе, которые прежде выступали организующим центром целого аула, заботились о своем роде и племени, их хозяйственном благополучии. Теперь, в соответствии с политикой конфискации, баи превращались в «преступников» и наказывались как судебными так и внесудебными институтами. В статье дается широкий спектр исторических документов, архивных материалов, где есть сведения о конфискованных баях, которые представлены как «враги народа», необразованные эксплуататоры простых казахов-бедняков. Анализ документов показывает, что политика конфискации проводилась спонтанно, приводила к тяжелым последствиям, которые

признавала сама партийная верхушка и иногда вынуждена была исправлять свои ошибки. Таким образом, в статье на широкой источниковой базе анализируются многие аспекты политики конфискации казахских баев и ее трагические последствия.

Ключевые слова: Репрессия, бай-кулак, конфискация, коллективизация, геноцид, сталинизм, Алматинский округ, «Косчи», голод, депортация.

*Zh.S. Saurykova*¹*

¹*Senior lecturer at Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan.*

E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru

**SOME ISSUES RELATED TO THE POLICY OF CONFISCATION
OF KAZAKH BAYAS IN 1928-1929
(ON THE EXAMPLE OF THE ALMATY DISTRICT)**

Abstract

This article analyzes the reasons and considers the process of implementing the policy of "confiscation of Kazakh bays of the Almaty district" based on materials from local, regional and central archives of the Republic of Kazakhstan. Various punitive measures that the state applied against the bays in the process of confiscation of their main wealth – cattle are considered in it. The article also analyses the consequences of large-scale confiscations, which affected not only the bays, but also their families, a close circle of relatives, since they were all subjected to repression and persecution. The archive documents show a picture when the masses of innocent victims were forced to leave their homeland and became refugees, divorced, widows and orphans. Thus, the article highlights the collapse of the role of the bays in Kazakh society, who previously acted as the organizing center of the whole village, took care of their tribes and their economic well-being. Now, in accordance with the confiscation policy, the bays were turned into "criminals" and punished by both judicial and non-judicial institutions. The article provides a wide range of historical documents, archival materials, where there is information about confiscated bays, who are presented as "enemies of the people", uneducated exploiters of ordinary poor Kazakhs. The analysis of the documents shows that the policy of confiscation was carried out spontaneously and led to serious consequences, which the party leadership itself recognized and sometimes had to correct their mistakes. The article considers many aspects of the policy of confiscation of Kazakh bays and its tragic consequences on a broad source base.

Key words: Repression, bayas-peasant, confiscation, collectivization, genocide, Stalinism, Almaty district, Koschi, famine, deportation.

Кіріспе. Кәмпескелеу тарихи оқиғаларын қазіргі заманғы ғылым тұрғысынан түсіну оларды қайта бағалауды талап етеді. Кеңес басшылығының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі – Алматы округіндегі байларды кәмпескелеу, оларды күштеп көшіру, жер аудару арқылы жүргізілген саясат болды. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін үкімет Кеңес Одағындағы тап – байларға қатысты төтенше шаралар енгізу, оларды кәмпескелеу арқылы ұжымдастыру, жергілікті халықтың қарсылығы негізінде іске асырылды. Бұл тақырып зерттелетін үдерістерді аймақтандыру тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге кәмпескеленген байлардың отбасылық өмірін қарастыруға тырысқан жағдайда өзекті болып табылады. Бұл ретте, оны зерделеу алып қойылған мүлікті ел экономикасына сапалы және сандық енгізу жөніндегі кешенді статистикалық деректердің мемлекеттік деңгейде болмауымен қиындағанын, тиісінше, соңғы факт аймақтық және жергілікті деректердің құндылығын арттыратынын атап өткен жөн.

Мемлекетіміз өзінің тәуелсіздігін алғаннан бергі осы отыз жылдың ішінде үкімет тарапынан ұлттық тарихымызға деген құрмет пен қолдау жоғары деңгейде жүргізіліп келе жатыр. Соның бірі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесін жан-жақты зерделеу және шешу, сонымен бірге бұл мәселеге саяси баға беру мақсатында 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы бойынша «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» мемлекеттік комиссия құру туралы тапсырмасын тарихшы қауым қуана қарсы алды.

XX ғ.1928-1929 жылдарындағы Кеңес басшыларының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі – бай-кулактарды кәмпескелеуден басталған болатын. Кеңестік билік кезеңінде, атап айтқанда сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарында қазақ бай-бағыландарын кәмпескелеп, жазықсыз

жазалағаны белгілі. Мұндай үлкен көлемдегі жазалау саясатына қазақ қоғамының көптеген өкілдері тартылды, солардың бір тармағы «бай-қулақтардың мал-мүлкін кәмпескелеу» айдары әлі күнге дейін жаңсақ пікірге ұласып келе жатқан тұсы бар. Жазалау аппараты «адам құқығы», «адам құндылығы», «адами қасиетті» аяққа таптап, жойқын заңсыздықтарға орын беріліп, ұлтымыздың жаппай ашаршылыққа ұшырап, қала берді босқынға айналуына жол берілді. Қуғын-сүргін саясаты бүкіл елімізді қамтып, кәмпескеленген байлар барынан айырылып (мал-мүлкінен, елінен, жерінен, жанұясынан), итжеккенге жөнелтілді. Сондықтан кеңестік үкіметтің кәмпескелеу, ұжымдастыру, ашаршылық, қудалау және т.б. сияқты қолдан жасаған қылмыстарын жан-жақты қарастыру біздің міндетіміз.

Бұл мақаланы жазу барысында мынадай міндет қойылды: байларды кәмпескелеуге, яғни иеліктен шығару механизмі мен тәжірибесін ашу, сонымен бірге архив материалдарын пайдалана отырып, тәркіленген байлардың кейінгі «тағдырын» ашып көрсету. Округ құрамындағы шаруа жанұяларын иеліктен шығарудың теориясы мен тәжірибесіне басты назар аудару, бұл ретте республиканың партиялық-мемлекеттік басшылығының бай қожалықтарын жою жөніндегі шешімдері мен оларды жүзеге асырудағы жергілікті биліктің ұйымдастырушылық қызметін ерекше атап өту.

Міне, енді еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғалы бері осындай жазықсыздарды ақтап, тарихи танымның шынтуайттылығына терең үңілу біздің басты міндетіміз болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Кеңестік қуғын-сүргін жылдарында кәмпескелеуге ұшыраған қазақ байларының жазықсыз зардап шеккендігі туралы негізгі материалдар: Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивдегі №135 қордың «Қазақ КазКСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы байлар мен жартылай-феодалдардың мал-мүлкін кәмпескелеу және жер аудару жөніндегі орталық комиссия материалдары» атты құжаттар; Қазақстан Республикасы Президенттік архивінің №141 қорының «Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне: ҚазКСР бойынша бай мен жартылай феодалдардың мүліктерін кәмпескелеу туралы есебі» атты материалдары [1]; Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің №778 қорының «Бай қожалықтарын кәмпескелеу туралы есептер, баяндамалық жазбалар мен мәліметтер», («Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қайта оралған тарих» құжаттар топтамасы) [2], Алматы облысы мемлекеттік архивінің №591 қорының «Округтік атқару комитеті президиумы жанындағы бай шаруашылықтарын кәмпескелеу жөніндегі Алматы округтік комиссиясының» және №173 қордағы «Жұмысшы шаруа және Қызыл Армия депутаттары Кеңестерінің Алматы аудандық Атқару комитетінің» құжаттары пайдаланылды [3].

Сол кездегі баспасөз материалдары бойынша: «Тілші» газетіндегі «Мына байлардың мал, мүлкі кәмпескеленді» (Алматы өкірігіндегі төменгі аты аталған байлардың мал, мүлкі кәмпескеленетін болып өкіріктік кемесие мен өлкелік кемесиеде бекілді) [4] және «Қызыл Ту» газетіндегі «Сентебірдің 20-нан – ірі байларды кәмпескелеуге кірісіледі» [5], атты материалдар қаралды. Сонымен қатар «Мемориал» халықаралық тарихи-ағартушылық, қайырымдылық және адам құқықтары қоғамының <https://www.memo.ru> сайтындағы «репрессия тарихының» [6] материалдары да пайдаланылды.

XX ғасырдың басындағы қазақ байларын кәмпескелеу жұмыстарының кейбір мәселелері, тарих ғылымының алдында тұрған, яғни саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау қағидатына негізделіп, өзекті мәселелер тұрғысынан зерделенді. Мақаланы жазу барысында кәмпескелеу ұшыраған қазақтың атқамінерлерінің өмірі «адам құқығы», «адам құндылығы» жағынан ескеріле отырып, өз мемлекетінің адал азаматтары, халықтың қамқоршылары, өз заманының меценаттары тұрғысынан қарастыру да басшылыққа алынды. Тарихи фактілерді, оқиғалар мен құбылыстарды олардың дамуына сәйкес жан-жақты қарастыруға әкелетін қазіргі тарих ғылымы мен ғылыми әдістеме талап ететін жалпы философиялық қағидалар мақаланың әдіснамалық негізін құрайды. Тарихи ұстаным нақты тарихи шындыққа жетелейтін болса, шынайылық қағидаты мәселені саяси-идеологиялық ұстанымдарға қарай бұрмалауға жол бермейтіні белгілі. Қазақ байларын кәмпескелеу тарихының заңдылықтары мен оның ішкі саясатының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін талдау, сараптау, т.б. жалпы ғылыми және мерзімдік-мәселелер сияқты арнайы тарихи әдістер де басшылыққа алынды. Айта кету керек, мақалаға баға беру мен қорытындылау, нәтиже алу ең алдымен архив материалдарына негізделген. Сондай-ақ ғылыми-тарихи ұстанымның құрамдас бөлігі болып табылатын салыстырмалы әдіс бірнеше деректерді қарастыруға және олардың өзара байланысын немесе басқа аспектілерін зерттеуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

Талқылау. Кеңестік және посткеңестік тарихнама аясында бұл мәселенің зерттелу дәрежесіне толық талдау жасау өте қиын, өйткені мәжбүрлі кәмпескелеу тақырыбы ұзақ уақыт бойы зерттеуге тыйым салынған және осы кезеңде нақты материалдар жинақталуда, нәтижесінде осы мәселе бойынша қалыптасқан көзқарастардың саны әлі көп емес; тарихшылар әлі күнге дейін түсіндірмеген көптеген мәселелер бар. Кеңестік тоталитарлық билік көптеген халықтардың басына үлкен қайғы-қасірет алып

келді, бұлардың барлығы архивтік құжаттар арқылы дәлелденіп те жатыр. Алайда қазақ байларын кәмпескелеу жағы бір жақты көзқараспен зерттелуде, мұнда көбінесе байдың жеке басына тоқталып, оның жанұясы мен туған-туыстарының таусылмас азабы назардан тыс қалып жатты. Олардың көпшілігі барын тастап шетел асып кетуі де үлкен қасіреттің жалғасы еді.

XX ғасырдың басында Кеңес үкіметінің жүргізген кәмпескелеу немесе ұжымдастыру саясатының зардаптары отандық және шетелдік тарихшылардың назарын аударуды жалғастыруда. Ал байларды жою – кеңестік тарихтағы талқыланған тақырыптардың бірі, оған сәйкес жеткілікті еңбек жазылған, құжаттар жинағы жасалған. Дегенмен ғалымдар кәмпескелеуді зерттей отырып, көбінесе адам құқығы, адам құндылығы мәселесіне, оның жеке тағдырына, билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынасына жете мән берілмейді. Сондықтан, біздің алдымызға қойған мақсатымыз – архив құжаттар мен ғылыми-зерттеулер негізінде кәмпескеленгендің «тағдыры» мәселесін қарастыру болып табылады. Еліміз өзінің тәуелсіздігін алғаннан бергі жылдары көптеген ғалымдарымыз ұжымдастыру, кәмпескелеу, ашаршылық, қуғын-сүргін тақырыптары бойынша ауқымды ғылыми еңбектер жазып келеді. Мәселен, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Ж.Абылғожин, Қ.Алдажұманов, С. Смағұлова және т.б. сияқты тарихшы-ғалымдар құжаттық деректер негізінде жазған құнды еңбектері бар. Дегенмен, XX ғасырдың басындағы қазақ бай-бағыландарын кәмпескелеу саясатына қатысты кейбір мәселелер назардан тыс қалғандықтан, әлі де зерттейтін тұстары көп. XX ғасырдың 20-шы жылдарының аяғы мен 30-шы жылдарының басында Қазақстанда орын алған қайғылы оқиғаны кейбір қазақстандық ғалымдар – «Голощекиндік геноцид» немесе «этноцид» деп сипаттайтынын айта кеткен жөн [7, 4-5].

Сол кездегі жүйенің тоталитарлық теориясындағы рөлі туралы көп жазылды және зерттелді, дегенмен Қазақстанда Фридрих Эберт қорының қолдауымен жүргізілген зерттеу және архивтік жұмыс нәтижелері бойынша ғалым-тарихшы Мәмбет Қойгелдиев: «Коммунистік доктринаның айрықша белгілерінің бірі – идеалды үлгі ретіндегі халық билігі теориясы, ол биліктің заңдылығының бір қыры болды. Тоталитарлық теорияда қарапайым адамның өмір сүру жағдайы туралы мәселе көптеген мәлімдемелер болғанымен әрең көтерілді және тоталитарлық жүйенің халықтың еркі ретіндегі нақты заңдылығы туралы мәселе осылайша қайта қозғалды», деп атап көрсетеді [8, 3]. XX ғасырдың 30-шы жылдарының басында өз халқын зорлықпен «бақытты» ету мақсатында «социализм жолында» жүргізілген большевиктік эксперименттің нәтижесі «Трагедия казахского аула (1928-1934 гг.)» архивтік құжаттар жинағында айтылады [9, 4]. Ал С.А. Жакишеваның зерттеуінде: «Қазақ қоғамына орталықтан жүргізілген репрессиялық шара ретінде бай қожалықтарын тәркілеу классикалық сценарий бойынша жүрді», - деп атап көрсетеді [10, 83]. Сара Камерон зерттеуінде: «Қазақстанда дала көшпелілерін индустриалды және отырықшы ауылшаруашылық мемлекетіне айналдыру экспериментінің нәтижесі жергілікті халқының миллионнан астамын босқындар өлімі мен толығымен күйреген экономикаға ұласқанын», - атап көрсетеді [11, 360]. Неміс ғалымы Роберт Киндлер өз зерттеуінде: «Өздерін шын мәнінде прогрестің, жаңарудың тасымалдаушылары деп санаған большевиктер көшпенділерді «артта қалған» мәдениеттің өкілдері деп есептеді. Олардың пікірінше, көшпенділер феодалдық қанаушылық қатынаста, сондай-ақ лас, ауру, сауатсыздық пен діндарлыққа байланысты надандық басым, заңсыздық және әйелдерді қанау болды», - деп атап көрсетеді [12, 58]. «Еуропалық» стандарттарды басшылыққа алған қызылдар (көбінесе олардың өздері оған сәйкес келмейтін болса да), көшпелі өмір сүру жағдайлары өрескел болып көрінуі мүмкін. Осылайша, біріншіден, ұтқырлыққа негізделген өмір, екіншіден генеалогиялық қағидат бойынша қалыптасқан рулық құрылымдарға барлық жеке тұлғаларды қосуға негізделген өмір салты көшпелілерді большевиктер елестеткен қоғамнан тысқары қалдырды.

Мәселен, ресейлік ғалым Н.А. Ивницкий: «1927 жылы желтоқсанда өткен Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының ХҮ съезі партияның ауылдағы басты міндеті ретінде «ұсақ жеке шаруа қожалықтарын» біріктіріп, ірі ұжымдарға айналдыруды белгіледі. Кеңес мемлекетінің бүкіл экономикалық саясаты осы міндетке: қаржылық, салықтық, несиелік және т.б. ауылдағы қоғамдық өндірісті, шаруалардың кедей және мұқтаж орта топтарын барлық жағынан қолдау, ауылдағы бай (кулак) элементтерін барынша шектеу керек», - деп атап көрсетеді [13, 9].

Осылайша, Алматы округы бойынша қазақ байларын кәмпескелеуге бағытталған саясатты зерделеу алдымызға қойған өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. 1928-1929 жылдардағы Кеңес басшылығының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі – Алматы округіндегі байларды кәмпескелеу, оларды күштеп көшіру, жер аудару арқылы жүргізілген саясат болды. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін үкімет Кеңес Одағындағы үстем тап – байларға қатысты төтенше шаралар енгізу, яғни оларды кәмпескелеу арқылы ұжымдастыру, жергілікті халықтың қарсылығы негізінде іске асырылды. Бұл тақырып зерттелетін

үдерістерді аймақтандыру тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге кәмпескеленген байлардың отбасылық өмірін қарастыруға тырысқан жағдайда да өзекті болып табылады.

Мәселен, жергілікті өкілдердің Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне «ҚазКСР бойынша бай мен жартылай феодалдардың мүліктерін кәмпескелеу туралы» есебінде былай деп көрсетілген: «Ауылдарда үлкен таптық ілгерілеу болып жатыр, еңбекшілерінің қоғамдық белсенділігі өсті, ауылдағы батрактар пен кедейлер өз рөлін түсінді және өздері тап жауы деп қараған байлар мен жартылай феодалдарға қарсы шығып отыр. Кеңес өкіметі тарапынан өз орындарын біле бастады. Алайда, Қазақстан социалистік құрылысқа көшуде бірқатар кедергілерге ие, олардың ішіндегі ең бастысы – капиталистік (патриархалды-рулық және жартылай феодалдық) әлеуметтік-экономикалық қатынастардың қалдықтары. Біз, ауылда өткізетін таптық іс-шараларға капиталистік және феодалдық элита тарапынан қарсылықтың болатыны сөзсіз» [14, 1-2 п]. Осыдан көріп отырғанымыздай халықтың арасындағы атқамінер, ауқаттыларымыз зиянды «капиталист» болып шыға келді. «Бұрын үстем болған артықшылықты тап өкілдері ауылдың еңбеккерлерінің орасан зор тобырын өздеріне жартылай тәуелділікте ұстауды жалғастыруда, олар ауылдағы тайпалық және рулық қатынастардың күрделі жүйесінің қалдықтарын уыстарында мықтап ұстап отыр, олардың барлық түрлерін қолдануда, өз үстемдігін сақтап қалу үшін барлық мүмкіндікті пайдалануда» [15, 4 п], - деп байларды қандай жолмен болса да мал, мүлкінен айырып, жазалау қолға алынды. Жартылай феодалдарды кәмпескелеу мен жер айдау алдында ауылды кеңестендіруге (құнарлы жерлерді қайта бөлу, революциялық заңдылықты нығайту, қанаушыларды кеңестерге қатысудан шеттетуге) бағытталған бірқатар саяси шаралар жүргізілді [16, 6-7 пп].

Бірақ бұл кезде кеңестік өкілер мен ауылдық шаруалар бай және жартылай феодалдарды кәмпескелеу сияқты оқиғаларға толығымен дайын болды дегенді білдірмейді. Кеңестердің алдында осы бұқараны өздерінің таптық мүдделерін жүзеге асыруға және байларға қарсы күреске дайындау сияқты үлкен міндеттер тұрды. Ауылды нақты кеңестендіру үшін: «... кәмпескелеу мәселесін Кеңестердің VI Бүкілқазақ съезі алдын ала белгілеп, ауыл кедей-кепшіктері, егіншілер мен орта шаруалардың қалың бұқарасын байларға тәуелділіктен біржола азат ету үшін жағдай жасау қажет», - деп таныды [17, 8 п]. 1928 жылы 23 маусымда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті алдағы уақытта байлардың мал, мүлкін кәмпескелеу туралы еңбекшілерге үндеу жариялап, яғни еңбекшілердің ерік-жігерін орындай отырып, жергілікті комитеттерге бұл кәмпескелеудің ауыл тұрғындарына еш әсер етпейтінін, ол тек бай қожалықтарына, яғни еңбекші халықты «құлдыққа айналдырған» ірі немесе жартылай феодалдық шаруашылықтарға ғана ықпал етеді деп түсіндірді. Осылайша, тиісті кәмпескелеу заңдарын әзірлеу және оны Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің бекітуіне ұсыну бойынша дайындық жұмыстары басталып кетті. «Алайда, заңды бекіту 9 айға созылып кетті – осы жағдайды байлар белгілі бір дәрежеде өз мүдделеріне пайдаланып, малдарын ішінара жоюға, жасыруға және шаруашылықтарын қайта бөлуге тырысты», - делінген [18, 9 п.].

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінде кәмпескелеу мәселесі бекітілгеннен кейін, 1928 жылы 27 тамызда Қазақ Орталық Атқару комитеті заң қабылдап, бұл ретте барлық еңбеккерлерге екінші үндеуі жарияланды. Бұл заңның өзі де, қоғамдық ұйымдарға жолдаған үндеулер де жеткілікті үгіт-насихат материалы болды. Облыстық және жергілікті баспасөзде тәркілеуге дайындық жұмыстары мен барысы жеткілікті түрде жазылғанын айтпағанда, оған дайындық жұмыстарын жүргізу барысында тәркілеу туралы заңды және оған қатысты нұсқауларды түсіндіру және қолдану туралы бірқатар жазбаша ақпараттар берілді. Осыдан кейін кәмпескелеу мәселесі бойынша орталық және жергілікті комиссиялар ұйымдастырылып, арнайы уәкілдер жіберілді [19, 10 п]. Дегенмен мұндай кеңестік саясатқа: «...Құрамында мәдени жағынан артта қалған ұлтты бар Қазақ Республикасында осы уақытқа дейін өткізілген іс-шаралармен революцияға дейінгі ескі қатынастар әлі де тиісті дәрежеде өзгерген жоқ. Қазақ республикасында кеңес өкіметінің өмір сүру тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қазіргі таптар мен бұрынғы артықшылықты сословиелердің өкілдері ауыл мен қыстақта Кеңес өкіметінің негізгі іс-шараларын өткізуге кедергі жасайды, қаскөйлікпен үгіт жүргізеді, кедейлердің рулық қатынастары мен экономикалық тәуелділігін пайдалана отырып және сол арқылы республиканың экономикалық және мәдени даму қарқынын кешіктіре отырып, ұлтаралық және рулық араздықты тудырады», - деп баға берілген болатын [7, 38].

1928 жылғы тәркілеудің алдында халықты идеологиялық дайындаумен қатар, байлардың шаруашылық дербестігіне нұқсан келтіруге және олардың ауылдағы қазақтарға экономикалық емес ықпалына бағытталған саяси және экономикалық сипаттағы бірқатар ірі іс-шаралар жүргізілді: 1926-1927 жылдары егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу; 1927 жылы кеңеске қайта сайлау өткізу қарсаңында ауыл халқының бай және ауқатты топтарының сайлау құқығынан айыру; салық қысымының күшеюі (1928 жылдың көктемінде салық салу және өзін-өзі салық салу объектілерін

тіркеу қайтадан жүргізілді); конфессиялық мекемелерге кең ауқымды қысым және дәстүрлі мәдени ландшафттың жойылуы. 1928 жылы бай, орта және кедей болып үш категорияға бөлінген шаруашылықтарды қайта тіркеу жүргізілгені белгілі. Ауқатты бай шаруаларының ең көп саны Алматы округінде болды, өйткені бұған мал шаруашылығы мен егіншілік үшін қолайлы табиғи жағдайлар ықпал етті. 1928 жылға дейін қазақ халықының арасында «бай» ұғымы өз шаруашылығын табысты жүргізе алатын мықты шаруашылық жүргізуші дегенді білдіреді. Алайда, «жоғарыдан төңкерістің» басталуымен (1928, қаңтар) олар енді әлеуметтік-экономикалық емес, моральдық-саяси мәнге ие бола бастады (қанаушылар, пайдалаушылар, қанды адам). Ауылдың кедейленген топтары арасында ауқатты шаруаларға деген төзімсіздік жағдайы күшейе түсті [20, 426]. Ондай мәселелерді іске асыру үшін үшін ауылдардағы киіз үйлерде кедейлердің жалпы жиналыстары пайдаланылды. Дәл осындай жағдай облыстың басқа аудандарында да орын алды. Мысалы, Алматы округтік партия және кеңес басшылары таптық күрестің шиеленісуінің жүргізушілері, уездік комитеттеріне жазған хатында олардың бюролары тек уездерде ғана емес, сонымен қатар әрбір округте «қатаң бақылауды қамтамасыз ету керек» деп көрсетеді, тиісті органдардың жұмысы мен атқарылып жатқан істерінің барлығынан хабардар болу керектігі баса айтылады [21, 28-32].

Мәселен, Алматы округы бойынша байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу және көшіру жұмыстарына қатысты бірнеше бай отбасының тумасына мысал келтіре айтар болсақ, Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі, Биен-Қоянды ауданының (қазіргі Бүйен-Ақсу ауданы) тумалары: Қожахмет Маманұлы, Сейдақмет Сейтбаталұлы (Маманның немересі), Мақұметбек (Бидахмет) Маманұлы, Есенқұл Маманұлы, Айтмұқамбет Тұрысбекұлы, Үпі Нүсіпұлы, Бекіш Былшықұлы, Тәңірберген Тұрысбекұлы, Сәреке Қылайұлы сияқты байлардан бастайық. Бұл байлар Алматы округінде өздерінің мал-мүлкінің көптігімен ғана емес сонымен қатар елдегі меценаттық қызметтерімен, халыққа деген қамқорлықтарымен, ағартушылық қызметтерімен де танымал болған тұлғалар еді. Біз енді нақты архив құжаттары негізінде аталмыш байларға нақты бағасын беріп көрейік.

Алматы округы бойынша ОГПУ-дің бірінші санаттағы қоғамға қауіпті элементті есепке алу ісінің Маманов Қожахмет Сейтбаталұлына қатысты «меморандумда»: «Маманов Қожахмет, қазақ, бұрынғы Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі, Бүйен-Қоянды болысы, № 5 ауылының (қазіргі Бүйен-Ақсу ауданы) тумасы, жасы 52-де, 3 гектар егін, 265 бас ірі қара, 700 ұсақ (ірі 425 бас болып аударылады), тізімдер бойынша 136 ірі бас, ұсақ 359 бас (ірі 208 бас болып аударылған) бар. 1928 жылы оған 1880 сом көлемінде қосымша жеке салық салынды, жанұясында 12 мүшесі бар, Ресей самодержавиесі тұсында экономикалық жағынан мықты, артықшылықты «Қыдырәлі» руынан шыққан. Үш жыл ел билеуші қызметін атқарған, Алаш-Ордаға қаржылай көмек көрсеткен, Қытайға екі рет қоныс аударды, реакцияшыл, кеңес аппаратына қарсы ықпалы бар», -ВО бастығы – Ковалышкин делінген [22, 1 п.].

Ал енді осы мәселенің сауалнамалық хаттамасынан үзінді келтірер болсақ: «1928 жылдың 30 қыркүйегі, Ақсу ауылы. Мен Алматы округі ОГПУ бөлімінің уәкілетті өкілі Иванов осы күні күдікті ретінде жауап алдым. Онда тиісті айғақтар үшін жауапкершілік туралы ескертілген Сейтбаталов былай деп түсіндірді:

Қожахмет Сейтбаталов (Маманов) – 52 жаста, үйленген, 1 әйелі бар, Бүйен-Ақсу ауданы, №10 ауылының көпесі, малшы қазақ отбасынан шыққан, қазір сол жерде тұрады, сауатты, молдадан 4 жыл оқыған, партияда да жоқ, мүше де емес, патшалық кезінде 1916 жылы ел билеуші болған, Керенский мен ақтар кезінде, 1918 жылдың көктеміне дейін ол билеушісі болдым – Кеңес өкіметі кезінде мен еш жерде қызмет етпедім және қызмет етпеймін, революцияға дейін 300 жылқым, 100 сиырым, 3000 қойым болды, жер көлемі: 17 гектардай, жайылымдық жер өлшенбеген, 28.II-1904 ж., 7.III.1907 ж., үкімдермен қоғам берген жерлерді пайдаланған. Сонымен қатар, мен саудамен айналыстым, ай сайынғы тауар айналымы 30 000 руб., дейін жететін, қазір менде: 146 жылқы, 12 сиыр, 350 қой (бұл 1928 жылғы шілдеде салық салу объектілері кезінде болды) жайылым бұрынғыдай қалды, шабындық жер 2 гектар, ал егістік жерлер болмады. Патшалық кезінде 10-12 қызметкерім болды, қазір 3 қызметкерім бар, сотты да болған емеспін.

1918 жылы Қытайға қашып кеттім, дүние-мүлкімді Қарағашта қалды, оны Дүйсембек пен Жұмабек Қасықпаевқа сеніп тапсырдым, Мен Қытайда 1922 жылдың тамыз айына дейін тұрдым, осы кезеңде бір рет келдім, 10 күн тұрдым, содан кейін қайтып кеттім, анамды жерлеуге келдім, содан соң әпкем Сатя Байсекенова тұратын Қопал №10 ауылына бардым, бұл 1919 жыл болатын, мен революцияға қатысқан жоқпын. Қайтып келген соң №10 ауылда тұрамын, мал шаруашылығымен айналысамын. Мен артық ештеңе қоса алмаймын, хаттама менің сөздерімнен дұрыс жазылған, мен оған қол қоямын, Маманов», -дей келе, астынағы «қосымшада»: «біз Қытайда болғанымызда Тәңірберген Тұрыспеков хат жолдап, ақтардың күшейгенін көрсетіп, мамановшылардан ақтарға 100

жылқы беруге шешім қабылдады, біз жылқы беруді ұйғардық, мен өзім жеті жылқы бердім, басқалары қанша жылқы бергенін білмеймін, бірақ бәрібір біз барлық туыстардан 100 жылқы жинадық және жылқылар Тұрыспековке айдап әкелінді, біз Тұрыспековтің қысымынсыз жылқыларды өз еркімізбен бердік», - деп Мамановтан жауап алған Ивановтың қолын Ковальшкин растай түскен [23, 2 п.].

Осылайша мал-мүлкін есепке алып, тәркілегенен кейін, Қожахмет Сейітбаталұлы Мамановты бірінші санаттағы «қоғамға қауіпті элемент» тобына жатқызып: «Осы №10 ауылдың азаматы Қожахмет Сейітбаталұлы Мамановқа Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 28 тамыздағы қаулысы негізінде Алматы округінің аумағынан Орал округіне келесі отбасы мүшелері:

1) Әсия Маманова, 2) Қадише Қожахметова, 3) Шығыс Қожахметов, 4) Ахмет Қалым Қожахметов, 5) Жарқынай Қожахметова, 6) Нұрсұлу Қожахметова, 7) Сейдебек Сейітбаталұлы Маманов, 8) Сара Маманова, 9) Рахима Маманова, 10) Жөнек Маманов, 11) Бөкейхан Сейбеков көшірілсін», - деп Қазақ КСР Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі Кеңестерінің Ақсу болыстық атқару комитеті жанынан арнайы «куәлік» даярланды.

Осыған қосымша ескертпеде: «Орал округіне көшіру туралы куәлікті аудандық атқару комитеті беретіндігін ескере отырып, бұл анықтаманы Жетісу аудандық атқару комитетінде ауыстыру қажет. Қожахмет қамауда болғандықтан, анықтама оның ағасы Сейітбек Мамановқа берілген», - делінген [24, 3-4пп.].

Дегенмен осы архив құжаттарына ары қарай көз жүгіртер болсақ, Бүйен-Ақсу ауданының №10 ауылының азаматы Сейітбаталов (Маманов Қожахметтің атынан округтік уәкілдің атына «өтініш» келіп түскен болатын. Онда: «Осымен сіздердің назарларыңызға әкемнің үш әйелі болғанын жеткіземін. Ол қайтыс болғаннан кейін кіші әйелі Худайберген ағаға тұрмысқа шығып, мал-мүлкімен бірге бір кішкентай ұлын менің үйімде қалдырды. 1922 жылы бұл ағамыз жанұясы мен мал-мүлкін маған қалдырып оқуға кеткен болатын, қазіргі уақытта менің шаруашылығыммен бірге оның да шаруашылығы тәркіленуге тартылып жатыр. Мен өзім патша заманында кандидат 5 ай бойы болыс басқарушы болдым, ал Керенскийдің тұсында өз еркімнен тыс қалта болыс басқарушы болып сайланып, Кеңес өкіметі орнаған күннен бастап бір жыл ғана қызмет еттім, кедейлерге қолымнан келгеннің бәрімен көмектестім, тіпті кедейлер де мұны растайды. Жоғарыда айтылғандар туралы хабарлай отырып, аталған ағамның үй шаруашылығынан мені бөліп, сол жерде, сондай-ақ балаларымды қалдыруды сұраймын. Менің мал-мүлкім комиссияға белгілі, сіздің мейіріміңізге деген үмітпен ешнәрсе жасырмадым», - Сейітбаталов деп қол қойылған [25, 5-6 пп].

Сонымен бірге осы арада айта кететін жәйт, мәселен мал-мүлкі тәркіленгенен кейін жанұяны жер аударудан сақтап қалу үшін Сейітбаталов (Маманов) Қожахметтің әйелі Әсия Өтеулинованың (Маманова) жеделхатының көшірмесін алып, Бүйен-Ақсу аудандық комиссиясынан некені бұзуға кедергі келтірмейтіндігі және жер аударылғандар арасында кәмелетке толмаған балаларына қатысты мәселені соттың қарауына бергені туралы өкім шығаруыңызды сұраймын дегені де орынды еді. Кәмелетке толмаған балаларының тағдырына алаңдаған ана қызылдардың қысымымен жаны алқымына келген кезде «Қожахметпен ажырасқым келеді, жергілікті билік мұндайға рұқсат бермейді, бірге тұруға мәжбүрлейді, мұндай заңсыз әрекетке көмек сұраймын», - дегеннен басқа амалы қалмағаны белгілі [26, 7 п.].

Осы мәселе бойынша Округтік атқару комитеті жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі аудандық комиссия отырысының 29/Х-28 жылғы №17 хаттамасының көшірмесінен үзінді келтірер болсақ: «ТЫҢДАЛДЫ: Бүйен-Ақсу ауданының азаматшасы Өтеулинова Әсияның жер аударылып жатқан күйеуі Қожахмет Мамановтан некені бұзу құқығын беру туралы өтініші. ҚАУЛЫ: Өтінішті қабылдамау, себебі оның ажырасуы жалған», - деп десе [27, 8 п.]. Ал көп ұзамай «Алматы округі, Бүйен-Ақсу ауданы, №10 ауылдың қазағы, Маманов Қожахмет Сейітбаталұлы Қылмыстық кодекстің 11-бөлімі, 58-4, 58-7, 16-58-10- баптары бойынша қылмыс жасағаны үшін жауапқа тартылып, Алматыдағы еңбекпен түзеу мекемесі жанында қамауда және ОГПУ органдарының қарамағында болады» болатын [28, 9 п.], - деген анықтамаға Округтік Атқару Комитеті жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі округтік комиссия отырысының 11/ХІ-28 ж. № 21 хаттамасының көшірмесіндегі қаулысында қабылдамау», - деп қысқа қайырған болатын [29, 10 п.].

Дегенмен осы кезде Бүйен-Ақсудан келген жеделхаттың көшірмесіне назар аударар болсақ: «Үгіттеу жұмыстары қызу жүріп жатыр, тәртіпсіздік орын алып, байлар кеңестерге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын қарқынды түрде таратуда. Кешегі жәрмеңкенің аяғы митинге ұласып, оған 500 адам қатысты, бұл үлкен бас көтеру болды. Байлар әртүрлі базарларға мал айдап апарумен, жақын таныс-тамырларына таратумен айналысады. Олардың кейбірі еуропалықтар. Өз кезегінде біз шара қолданамыз, бірақ біздің күштеріміз қамтамасыз етуге дәрменсіз. Қазақтарға көршілес еуропалық аудандарының билік басындағыларға ескерту қажет. Мұндай істің мүдделері шұғыл түрде өкімді

талап етеді. Бүгін тәркіленген шаруашылықтарға есеп жүргізу үшін комиссия жібердік. Ауылдық коммунисттердің көпшілігі құйыршықтар, басқарушы активтің бір бөлігі халыққа ықпал етуде, рулық байланысқа ауытқу байқалады. Мен ертең бай Мамановтар туралы мәліметтердің толық түйіндемесін жіберемін» [30, 11 п.], - деген мәтіннен сол кезде тек қазақ байлары ғана емес, оларды қолдап, қорғап ауылдастарының, руластарының да кеңестерге қарсылық наразылықтарын ұйымдастырғанын байқауға болады. Ал қызылдардың «қолшоқпарына» айналған «қосшының» адамдары мұны өз пайдасына бұрмалап алып кетті.

Сонымен Алматы округы бойынша байларды тәркілеу және көшіру жөніндегі комиссия төрағасының Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі, Бүйен-Ақсу ауданы, №10 ауыл бойынша Маманов Қожахмет Сейітбаталұлы берген «сипаттамасына» жүгінсек: «Ең күшті «Қыдырәлі» руынан шыққан, патша және «керенскийшілдік» тұсында бірнеше жыл ел басқарған. «Алаш-ордашылар» мен «ақтар қозғалысы» кезінде де тысқары қалмады, яғни олардың ауылына әлдебір БИбылайхан-төре алып келген алаш жасағының құрметіне той ұйымдастырып, құрбандық шалды. Кедей шаруалардың айтуынша, ол Кеңес өкіметіне қарсы шыққандардың бәрін қаржылай қолдаған. Ауылдың кеңестік және қоғамдық органдарына ықпал етті. №10-шы ауыл кеңесінің өкілі Бекмола оған кеңес үкіметінің әрбір жаңа өкіміне үнемі ақыл айтып отырды. Батрактар комитетінің басшысы Тергеусізов өзінің шаруа қожалығының еңбеккері Қалимолда-мен келісім-шартқа отырып, Қожахмет ұсынған шарттарды толығымен енгізді, мысалы, шопан Қалимолдаға «алты айлық жұмысы үшін 1 құлын төлеуге міндеттенемін» деп жазылған. Келісім онымен бірге сақталды, ал батрак бұл туралы ештеңе білмеді. Тәркілеу кезінде оның қарсылығы мал мен мүлікті жасырудағы досы сияқты көрінді. Сөйтіп, екі қымбат кілемді тауға апарып жасырып, бірнеше жылқыны жақындары тығып қойыпты. Оны жалпы Қазақстаннан тыс жерлерге көшіру қажеттілігі туралы, атап айтқанда, бірқатар қаулылар мен кедей жиналыстардың үкімдері шығарылды, оның бір бөлігі ОГПУ тергеушісіне берілді, бір бөлігі қоса беріліп отыр, оның отбасының мынадай мүшелері көшірілді: 1) Әсия Маманова – әйелі, 39 жаста, 2) Қадия – 16 жастағы қызы, 3) Шығыс – 11 жасар ұлы, 4) Ахмет-Қалым – 13 жасар ұлы, 5) Жарқынай – 8 жасар қызы, 6) Нарсұлу - 1 жасар қызы, 7) Сейтбаталов Сейдебек – інісі, 16 жаста, 8) Сара Маманова – Сейітбектің әйелі, 23 жаста, 9) Рахима – Сейітбектің әпкесі, 19 жаста, 10) Бөлек Маманов – Сейітбектің інісі, 5 жаста, 11) Бөкейхан 1 жасар Сейітбектің ұлы.

Одан барлығы ірі қара малға ауыстырылғаны бойынша 170 3/5 бас мал тәркіленді. Саман үйі 1, киіз үйі 1, күміс ер-тоқым 2, көшем 2, сиыр 2, жайылым жер 1/2 гектар» [31. 12 п.], -деп келтірілген Алматы округы бойынша байларды тәркілеу және көшіру жөніндегі комиссиясының мәліметінде.

Алматы округы бойынша ОГПУ-дің бірінші санаттағы қоғамға қауіпті элементті есепке алу ісінің Маманов Есенқұл Сейітбаталұлына қатысты «меморандумда»: «Маманов Есенқұл, қазақ, бұрынғы Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі, Бүйен-Куяндин болысының № 5 ауылының (қазіргі Биен-Ақсу ауданы) тумасы, жасы 50-де, 1 гектар егістік жері, 515 бас ірі қара, 1500 ұсақ (ірі 815 бас болып аударылған) тізімдер бойынша 178 бас ірі, 976 бас (ірі болып аударылғанда 377 бас) бар. Ірі 23 бас, ал кіші 130 бас (үлкен 49 бас болып аударылған) басқа, барлығы 426 бас бар. 1928 жылы 2690 рубль мөлшерінде қосымша жеке салық салынды. Отбасы 17 адамнан тұрады. Экономикалық жағынан мықты және артықшылықты «Қыдырәлі» руынан шыққан, бұрынғы би, материалдық жағынан Алаш-Ордаға көмек көрсеткен, Қытайға екі рет қоныс аударған, мал ұрлағаны үшін жауапқа тартылған, реакциялық ниетте болған», - делінген болатын [32, 1-3 пп.]. Осылайша жазықсыз жауапқа тартылған Есенқұл бала-шағасы мен мал-мүлкі тоз-тоз болып Оралға жер аударылды.

Сонымен Есенқұлға қатысты мәселенің сауалнамалық хаттамасынан үзінді келтірер болсақ: 1928 жылдың 1 қазаны. Мен, Алматы округы бөлімі ОГПУ уәкілетті қызметкері Иванов осы күні күдікті ретінде азамат Мамановтан жауап алдым, оған жалған айғақ бергені үшін жауапкершілік туралы ескертіліп, түсіндірді. «Маманов Есенқұл, қазақ, 48 жаста, үйленген, 2 әйелі бар, ірі мал өсіруші және саудагер отбасынан шыққан, Бүйен-Ақсу ауданы, №10 ауылда тұрады, мал шаруашылығымен айналысады, 800 қой, 120 жылқы, 30 сиыр, 19 түйе, қыстау, 1 ағаш үйі, 4 бөлмелі, темірмен қоршалған, асхана, қора, монша және басқа да шаруашылық құрылыстары, 5 жұмысшы, шөп шабуға 4 гектар шабын-дық, жайылым 1 ½ ені 4 гектар, бақша 3 гектар (терек пен қарағаш), бұрын 10 000-нан 15 000-ға дейін қой, 500-ге дейін жылқы, 200-ге дейін сиыр, 20 жұмысшы ұстаған. Құны 10 000 рубль болатын екі ағаш үйі болды, сонымен қатар Есенқұл Маманов 11 000 рубль тұратын мектеп салды», - делінген [33, 4-5 пп.]. Осы жерден нақты айта кетейік, мәселен 1899 жылы Жетісу губерниясында қазақ балалары үшін тұңғыш мектепті Маманның ұлы Тұрысбек ашқан болатын, міне осы «Мамания» мектебін одан әрі дөңгелетіп алып кеткен Маман қажының кенже баласы Есенқұл еді.

Ары қарай архив құжатында: «11 гильдиядан тұратын сауда-өндірістік кәсіпкерлікпен айналысқан, сонымен қатар мал сатумен де айналысқан, 1 дүкені бар, банктен 20 000 сомға несие

ашылған, сауатты, молдадан 3 жыл білім алған», - деп келтірілген [34, 6 п.]. Осы жерде айтарымыз Қарағашта салынған алғашқы мектеп үш сыныптық болып, оқу ескіше басталған болатын, дегенмен көп ұзамай мұның өзі жаңа үдеріске бағытталып, жәдит жүйесіне ауыстырылған еді. Алайда мұндай төте жазу жүйесі бойынша білім алған қазақ зиялыларының бәрі еуропалықтар үшін «надандықпен» ғана шектелгені белгілі.

«Мен партияда болған емеспін және жоқпын, әскерде қызмет еткен жоқпын, 1916 жылы соғыс пайдасына алымдардың барлық түрлерінің қатандығына қарсы үгіт жүргізгенім үшін сотты болдым» - десе дегендей-ақ болар, өйткені қазақтың бетке ұстарлары жәй ғана наразылықпен ғана емес ұлт-азаттық көтеріліспен қарсы шыққаны белгілі ғой. Ал тергеуші Ивановтың «Бірақ бұл уезд бастығы Лебедевке 2000 рубль, оның көмекшісі Маранинге 500 рубль пара беріп құтылған. Кеңес өкіметі кезінде ол ұрлық жасағаны үшін екі рет сотты болған, бірақ ақталып шыққан», - деп отырғаны жалған ақпарат болуы әбден мүмкін [35, 7-п.].

«Әкем Маман ауқатты, Меккеге қажылыққа барған, мал саудасымен айналысқан, беделді кісі болған, 4 әйел алған, бірінші әйелінен – Ырысбек, Тұрысбек, Бейісбек, Сейітбатал, екінші әйелінен – Оңғарбек, 3 әйелінен – Құрттыбек, Құрбанбек, 4 әйелінен – мен Есенқұл. Тұңғыш ұлдары ретінде Тұрысбек пен Сейітбатал беделді болды. Әкемнен ағайындылардың барлығы жеке-жеке өз алдарына үйлі болып кетті, ал мен кенже ұлы ретінде әкем қайтыс болғанға дейін бірге тұрдым, ол қайтыс болғаннан кейін оның барлық мүлкі менің пайдалануыма қалды, әкемнен қанша қалды, дәл есімде жоқ. бірақ бәрібір ескеретін жайт, көп мал мен 30 000 сомға дейін қолма-қол ақша бар, әкем қайтыс болғаннан кейін (мен 20 жаста едім) мен саудамен айналыстым, революцияға дейін сауда жасадым, бай өмір сүрдім, 1907 жылы Меккеге қажылыққа барып келдім, 3000 сом, мешіттер мен мектептер салуға жұмсадым, сонымен қатар өз қаражаты есебімнен кедей отбасыларының балалары: Ермектасов Мейірман мен Сүлеев Біләл және т.б. білім алуына жәрдемдестім», - деп көрсетілген [36, 8 п.]. Мәселен бұл туралы «Мамания» мектебінің түлектері: Ыбырайым Маманов, Біләл Сүлеев, Әбубәкір Жайшыбеков, Ілияс Жансүгіров, Ермектасов Мейірман, Бейсенбай Кедесов, Әйсейіт Бағрамов сияқты тұлғалар да болғаны мәлім.

Осылайша кеңестердің тәркілеу науқаны бүкіл қазақ халқының басына түскен ауыртпалық болды. Бұл тәркілеу кейінгі ашаршылықтың бастамасы болатын. Біз мақаламызда бір әулеттің басына түскен қасіретін қарастырсақ та, бұл бүкіл Алматы округы үшін үлкен зардаптың бір бөлігі еді. Маманов Қожатмет, Сейтахмет, Есенқұлда отбасымен Оралға жер аударылды, алайда қазіргі таңда олардың сол кездегі халыққа жасаған жақсылықтары айтыла бастады.

Қорытынды. Жалпы қорыта айтқанда, архив материалдары мен кейінгі жылдары жарық көрген ғылыми зерттеулерді пайдалана отырып, Алматы округы бойынша бай және жартылай феодалдарды тәркілеу науқанының қалай жүргізілгенін талдауға мүмкіндік туып отыр. Өздеріңіз білетіндей, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың негізгі механизмі мен құрамдас бөлігі – ХХ ғасырдың 20-30 жж. бай және жартылай феодалдарды кәмпескелеу, яғни иеліктерінен айыру болды. Олардың кейбіреулері тұтқындалып, ОГПУ лагерлеріне еңбекпен түзеу жұмыстарына жіберілсе, ал кейбіреулері еліміздің шалғай аудандарына немесе жақын орналасқан елді мекендерге жер аударылды. Осылайша, қазақ байларын кәмпескелеу тарихына қатысты мәселелерді заманауи ғылым тұрғысынан түсіндіру, оларды қайта бағалау талаптары басты ұстанымның бірі болып табылады. Дегенмен мұнда, тоталитаризм жылдарындағы зорлық-зомбылыққа төтеп беріп, өмірдің ауыртпалығымен күресе жүріп, қазіргі таңда тарихқа айналған байлардың тағдырының бір қырын ғана қарастырылып отырмыз. Қызылдардың қылмысты саясатына мойымай, сондай ауыр кезеңде өзінің адами болмысын сақтап қалған ұлтымыздың бетке ұстарлары болашақ ұрпаққа үлгі болары анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ПА (Қазақстан Республикасы Президенттік архиві). – №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 1-15 парақ: «Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне: ҚазКСР бойынша бай мен жартылай феодалдардың мүліктерін тәркілеу туралы есебі».

2. ЖОМА (Жамбыл облысы мемлекеттік архиві). – 778 қор: 1 тізбе, 99 іс: «Бай қожалықтарын тәркілеу туралы есептер, баяндамалық жазбалар мен мәліметтер» («Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қайта оралған тарих» құжаттар топтамасы).

3. АОМА (Алматы облысының мемлекеттік архиві коммуналдық мемлекеттік мекемесі). – 591 қор, 1 тізбе, 61, 63, 64 іс. «Округтік атқару комитеті президиумы жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі Алматы округтік комиссиясының шешімдері».

4. «Қызыл Ту» газеті // «Сентебірдің 20-нан – ірі байларды кәмпескелеуге кірісіледі». – №93(670). Бейсенбі 20 сентебір (мизам) 1928 жыл.
5. «Тіліш» газеті // «Мына байлардың мал, мүлкі кәмпескеленді». – №56 (383). 26 қыркүйек 1928 жыл.
6. Международное историко-просветительское, благотворительное и правозащитное общество «Мемориал» <https://www.memo.ru>.
7. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.): хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 203 с.
8. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.
9. Трагедия казахского аула (1928-1934 гг.). – Т 1. Сборник документов / Сост. А.С.Зулкашева., Г.Т.Исахан., Г.М.Каратаева. – Алматы: Раритет, 2013. – 744 с.
10. Жақишева С.А. Элиминация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20-30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии. – Алматы:Қазақ университеті, 2021. – 222 с.
11. Cameron S.I. The hungry steppe: famine, violent, and the making of Soviet Kazakhstan. New York: Cornell University Press, 2018. – 292.
12. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Перевод с нем. Л.Ю.Пантинной. – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.
13. Ивницкий Н.А. Голод 1932-1933 годов в СССР. – М.: Собрание, 2009. – 288 с.
14. ҚР ПА. №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 4 п.
15. ҚР ПА. №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 6-7 п.
16. ҚР ПА. №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 8 п.
17. ҚР ПА. №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 9 п.
18. ҚР ПА. №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 10 п.
19. ҚР ПА. №141 қор, 1 тізбе, 2874 іс, 10-11 пп.
20. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939. В 5 т. Т. 2. Ноябрь 1929 – декабрь 1930. – М.: РОСПЭН, 2001. – 927 с.
21. Озерова О.А. Роль партийных и Советских организации в раскулачивании и репрессиях тюркских народов в Западной Сибири (1928-1932 гг) // Омский научный вестник. - №4 (111) 2012. – С. 28-32.
22. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 1 п.
23. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 3-4 пп.
24. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 5-6 пп.
25. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 7 п.
26. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 8 п.
27. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 9 п.
28. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 10 п.
29. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 11 п.
30. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 64 іс, 12 п.
31. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 61 іс, 1-3 пп.
32. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 61 іс, 4 п.
33. 26. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 61 іс, 5 п.
34. 26. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 61 іс, 6 п.
35. 26. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 61 іс, 7 п.
36. 26. АОМА. 591 қор, 1 тізбе, 61 іс, 8 п.

References:

1. QR PA (Qazaqstan Respyblikasy Prezidenttik arhivi). – №141 qor, 1 tizbe, 2874 is: «Búkilreseilik Ortalyq Atqarý Komitetine: QazKSR boıynsha bai men jartylai feodaldardyń múlikterin tárkiley týraly esebi».
2. JOMA (Jambyl oblysy memlekettik arhivi). – 778 qor: 1 tizbe, 99 is: «Bai qojalyqtaryn tárkiley týraly esepter, baiandamalyq jazbalar men málimetter» («Mádeni mura» ba ğdarlamasy boıynsha «Qaita oral ğan tarih» qujattar toptamasy).
3. АОМА (Almaty oblysynyń memlekettik arhivi komýnaldyq memlekettik mekemesi). – 591 qor, 1 tizbe. «Okrýgtik atqarý komiteti prezidyńny janynda ğy bai sharyashylyqtaryn tárkiley jónindegi Almaty okrygtik komisiyasynyń sheshimderi».

4. «Qyzyl Tý» gazeti // «Sentebirdiń 20-nan – iri bailardy kánpeskeleyge kirisiledi». – №93(670). Beisenbi 20 sentebir (mızam) 1928 jyl. [In Kazakh]
5. «Tilshi» gazeti // «Myna bailardyń mal, mülki kánpeskelendi». – №56 (383). 26 qyrkıuek 1928 jyl. [In Kazakh]
6. Mejdýnarodnoe istoriko-prosvetitel'skoe, blagotvoritel'noe i provozashitnoe obshestvo «Memorial» <https://www.memo.ru>. [International historical, educational, charitable and human rights society «Memorial»][In Russian]
7. Omarbekov T. Golodomor v Kazahstane: prichiny, masshtaby i itogi (1930-1933 gg.): hrestomatiya [Omarbekov T. Holodomor in Kazakhstan: Causes, Scales and Results (1930-1933): Reader. - Almaty: Kazakh University, 2011. - 203 p.] [In Russian]
8. Koygeldiev M.K. Stalinizm i repressii v kazahstane 1920-1940-h godov [Koygeldiev M.K. Stalinism and repressions in Kazakhstan in the 1920s-1940s. - Almaty: 2009. - 448 p.] [In Russian]
9. Tragedia kazahskogo aýla (1928-1934 gg.) [The tragedy of the Kazakh village (1928-1934). - T 1. Collection of documents / Comp. A.S.Zulkasheva., G.T.Isakhan., G.M.Karataeva. - Almaty: Raritet, 2013. - 744 p.] [In Russian]
10. Jakisheva S.A. Eliminasiya baıskıh hozáıstv v Kazahstane na rýbeje 20-30-h gg. XX v.: novye podhody, metody i tehnologiy [Zhakisheva S.A. Elimination of bay farms in Kazakhstan at the turn of the 20-30s. XX century: new approaches, methods and technologies. - Almaty: Kazakh University, 2021. - 222 p.] [In Russian]
11. Cameron S.I. The hungry steppe: famine, violent, and the making of Soviet Kazakhstan. New York: Cornell University Press, 2018. – 292. [In English]
12. Kindler R. Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazahstane [Kindler R. Stalin's nomads: power and hunger in Kazakhstan / Translated from German. L.Yu. Pantina. - M.: Political Encyclopedia, 2017. - 382 p.] [In Russian]
13. Ivni'ski N.A. Golod 1932-1933 godov v SSSR [Ivnitsky N.A. Famine of 1932-1933 in the USSR. - M.: Collection, 2009. - 288 p.] [In Russian]
14. QR PA. №141 qor, 1 tizbe, 2874 is, 4 p.
15. QR PA. №141 qor, 1 tizbe, 2874 is, 6-7 pp.
16. QR PA. №141 qor, 1 tizbe, 2874 is, 8 p.
17. QR PA. №141 qor, 1 tizbe, 2874 is, 9 p.
18. QR PA. №141 qor, 1 tizbe, 2874 is, 10 p.
19. QR PA. №141 qor, 1 tizbe, 2874 is, 11 p.
20. Tragedia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiya i raskýlachivanie. 1927-1939 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927-1939. In 5 vols. T. 2. November 1929 - December 1930. - M.: ROSPEN, 2001. - 927 p.] [In Russian]
21. Ozerova O.A. Rol partınyh i Sovetskıh organizatsiy v raskýlachivanıi i represii turkskikh narodov v Zapadnoi Sibiri (1928-1932 gg) [Ozerova O.A. The role of party and Soviet organizations in the dispossession and repression of the Turkic peoples in Western Siberia (1928-1932) // Omsk Scientific Bulletin. - No. 4 (111) 2012. - S. 28-32.] [In Russian]
22. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 1 p.
23. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 3-4 pp.
24. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 5-6 pp.
25. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 7 p.
26. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 8 p.
27. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 9.
28. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 10 p.
29. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 64 is, 11 p.
30. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is. 12 p.
31. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 1-3 p.
32. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 4 p.
33. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 5 p.
34. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 6 p.
35. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 7 p.
36. AOMA. 591 qor, 1 tizbe, 61 is, 8 p.